



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**

**2023-2024 оқу жылына арналған**

**ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы : ЖШС «Аслан - Али» балабақшасы**

**Топ/сынып: Кіші топ Томирис.)**

**Балалардың жасы: 2 жастағы балалар**

**Жоспардың құрылу кезеңі: Қыркүйек айы 2023 жыл**

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<b>Дене шынықтыру</b>	<p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b> Бұрылу (оңға-солға), қолды қеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу, қолды шапалақтау; қолды алға, жоғары, жанжакқа көтеру, оларды бұғіп, жазу, саусақтарын ашып жұму; тізені бұғіп жазу (екіншісіне тұрып)</p> <p><b>Негізгі құмылдар:</b> педагогтің артынан жүргүзу, жүптасып жүргүзу, шеңбер бойымен қол ұстасып жүргүзу бірқалыпты жүргүзу, шашырап, берілген бағытта жүргүзу Бір орында тұрып екі аяқтан секіру Кедергілі жазықтың бетімен, еңіс тақтайдаң үстімен еңбектеу Екі қолмен 1-1,23 м арақашықтықтағы (көлденен) нысанана (кеуде тұсынан, төменнен, жоғарыдан (қағып алмай) доптарды домалату Жиектері шектелген тұра жолақпен (ені 20-23 см, ұзындығы 2-2,3 м) гимнастикалық орындықтың үстімен жүргүзу</p> <p><b>Мәдени-гигиеналық дағдылар.</b> Киімдерін ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше, ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.</p> <p>Киініп-шешину кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киуге және шешүге, ілгектің әр түрлерін қолдана білуді жаттықтыру.</p> <p>Киімдерді шкафқа немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту.</p> <p>Жендерін өз бетімен тұру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту.</p> <p>Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үтігпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.</p> <p>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру.</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары:</b> балаларды серуен кезінде ультракүлгін сәуленің әсерінен аяа, су шараларының үйлесімділігімен шынықтыру;</p>

	<p><b>Дербес қымыл белсенділігі.</b></p> <p>Ересектердің көрсетуі бойынша кейбір қымылдарды орындайды, қымыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіреді, бұрын игерген қымылдарды өздігінен орындаі алады.</p> <p><b>Спорттық жаттығулар:</b></p> <p>велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедке отырғызу, ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсіру, ересектердің көмегімен және өзбетімен рөлді басқару;</p>
<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<p>Сөйлеуді дамыту.</p> <p>айналасындағы адамдардың сөзін есту және тыңдау, түрлі дыбыстарды саралау, дауыстың қаттылығы мен айтылу жылдамдығын ажыратада білуді</p> <p>Сөздік қор.</p> <p>Балаларды заттардың қасиеттері мен олармен әрекеттердің атауын айтуға, тілдік қарым-қатынасқа, ауызша сөйлеуге, зат есімдерді, сын есімдерді қолданып, заттарды (киімдер, ыдыстар) сипаттауға үйрету.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы.</p> <p>Балаларды педагогтің сөзін түсінуге, сөйлегендеге заттарды сипаттау үшін зат есімдерді етістіктермен, сын есімдермен бірге қолдануға, зат есімнің көпше түрін пайдалануға, сөздерді дұрыс айтуды ескере отырып, сөз тіркестерін (сын есім + зат есім, зат есім + етістік) құрауға үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>Балаларды ересектердің сөзін тыңдай білуге; ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту; қарапайым (Кім? Не? Не істейді? және тағы басқа) және біртебірте құрделі (Нені үстады? Нені әкеледі?) сұрақтарға жауап беруге, көркем сөзді эмоциалы қабылдауды, балалар әдебиеті шығармаларының бейнесін және мазмұнын түсінуге, қысқа тақпақтар мен санамақтарды жатқа айта білуге үйрету.</p>
<b>Көркем әдебиет</b>	<p>ертеғі, әңгіме кейіпкерлеріне, оқиғаларға жанашырлық білдіруді;</p> <p>кейіпкерлермен тақпақтардың мазмұнын, ырғакты ойындарды қайталауды эмоциалы қабылдауды;</p> <p>ересектердің тақпақтарды, өлеңдерді, әңгімелерді оқуына, кітаптарды көрсету, ертеғілерді әңгімелелеуіне тұрақты қызығушылық танытууды қалыптастыру</p>
<b>Сенсорика</b>	<p>заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен ұлғіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау;</p> <p>көлемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды;</p>
<b>Құрастыру</b>	<p>құрылым материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен құрастыруға үйрету;</p> <p>әртүрлі түстегі және пішіндегі геометриялық пішіндерден тұратын ағаш, пластмасса құрылым материалдары;</p> <p>материалдар (текшелер, кірпіштер), олардың әртүрлі пішіндері, көлемі, үстел үстіндегі жазықтықта әртүрлі жағдайда орналасуы (кірпіш жатыр, тұр);</p>

<b>Қоршаган ортамен таныстыру</b>	Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Жануарларға тән ерекшеліктермен таныстыру, дene бөліктерін (танауы, құйрығы, аяқтары) ажыратып және атай білуге үйрету. Көкөністер мен жемістер туралы (қызанак, қияр, алма) қарапайым түсініктерін қалыптастыру; бір-бірінің атын атап, қарым-қатынас жасай алуы, жолдастарының есімдерін есте сақтау
<b>Сурет салу</b>	балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту. Балалардың көркемдік қабылдауларын дамыту; түзу, көлденең, тік, толқын тәрізді және тұйықталған дөңгелек сзықтарды жүргізуді, осы әрекеттерді ырғақты қайталауды үйрету (жаңбыр, қар, жол, тұтін), парақ бетінде бейнені орналастыру;
<b>Мүсіндеу</b>	балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру; сазбалшықты дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру;
<b>Жапсыру</b>	Фланелеграфта бейнелеуді (сзықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қоюға және құрастыруға үйрету. Фланелеграфтің кенебін қолдану арқылы геометриялық пішіндерді, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, ғүлдерді, қазақтың ұлттық бас киімдерін, тағы басқа орналастыру.
<b>Музыка</b>	<p><b>Музыка тыңдау:</b></p> <p>1) музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музикалық шығармаларды: ән, полька, марш, вальс, баяу және көңілді әндер тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру;</p> <p><b>Ән айту:</b></p> <p>1) ән айтуға қызығушылықты, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айтуды, созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылышпен ән айту, аспаптардың шығаратын және ересектің ән айтуына келтіріп, әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен, дауысты жылдамдатпай, жеке сөздерді айқайламай айтуды қалыптастыру;</p> <p><b>Музикалық-ырғақтық қозғалыстар.</b></p> <p>музыканың ашық берілген сипатына сай қимылдар жасау; қарапайым би қимылдары: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу;</p>

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**

**2023-2024 оқу жылына арналған**

**ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы : ЖШС «Аслан - Али» бөбекжайы балабақшасы

Топ/сынып: Кіші топ (Томирис)

Балалардың жасы: 2 жастағы балалар

**Қазан айы 2023жыл**

<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>
<b>Дене шынықтыру</b>	<p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b></p> <p>Бұрылу (онға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу, қолды шапалақтау; қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу, саусақтарын ашып жұму; тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып) алға, жанына, артқақадам жасау, аяқты алға, өкшеге қою; табандарды бүгу (жазу)</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b></p> <p>педагогтің артынан жүру, жұптасып жүру, шенбер бойымен қол ұстасып жүру бағытты өзгерте отырып жүру, жүруден жүгіруге ауысу, бағдар бойынша жүру (кілемнің бойымен, жіпке дейін), кедергілерден аттап жүру.</p> <p>бірқалыпты жүгіру, шашырап, берілген бағытта жүгіру, шағын топқа бөлініп жәнебүкіл топпен, бағытты өзгертіп, 30-20 сек бойына үзіліссіз жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу;</p> <p>Бір орында тұрып екі аяқтан секіру, 10-13 см биіктен секіру.</p> <p>Кедергілі ,жазықтың бетімен, еңгіс тақтайдың үстімен еңбектеу, үстел, арқаныңастымен нысанана дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу.</p> <p>Екі қолмен 1-1,23 м арақашықтықтағы (көлденең) нысанана (кеуде тұсынан, төменнен, жоғарыдан (қағып алмай) доптарды домалату, доптарды бір-бірінедомалату).</p> <p>Жиектері шектелген тұра жолақпен (ені 20-23 см, ұзындығы 2-2,3 м) гимнастикалық орындықтың үстімен жүру, заттарға шығу (гимнастикалық орындыққа, жұмсақ модульге және тағы басқа), тұру, қолын жоғары көтеру, тұсу;</p> <p><b>Мәдени-гигиеналық дағдылар.</b></p> <p>Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше, ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.</p> <p>Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киуге және шешүге, ілгектің әр түрлерін қолдана білуді жаттықтыру. Киімдерді шкафқа немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту. Жолдасының киіміндегі ұқыпсыздықты көрге және</p>

	<p>оған өз көмегін ұсынуға үйрету.</p> <p>Жендерін өз бетімен тұру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту.</p> <p>Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үтігпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.</p> <p>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру.</p> <p>Жуыну туралы қысқа өлеңдерді немесе тақпақтарды үйрету, оларды ересектермен немесе өз бетінше қайталау.</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары:</b> балаларды серуен кезінде ультракүлгін сәуленің әсерінен аяа, су шараларының үйлесімділігімен шынықтыру;</p> <p><b>Дербес қымыл белсенділігі.</b> Ересектердің көрсетуі бойынша кейбір қымылдарды орындайды, қымыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіреді, бұрын игерген қымылдарды өздігінен орындаі алады.</p> <p><b>Спорттық жаттығулар:</b> Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедке отырғызу, ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсіру, ересектердің көмегімен және өзбетімен рөлді басқару;</p>
<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<p>Айналасындағы адамдардың сөзін есту және тыңдау, түрлі дыбыстарды саралау, дауыстың қаттылығы мен айтылу жылдамдығын ажыратса білуді. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды (ызың және үндіден басқа) елктеу сездерін қолдана отырып дұрыс айтуды жетілдіру Сөздік қор.</p> <p>Балаларды заттардың қасиеттері мен олармен әрекеттердің атауын айтуда, тілдік қарым-қатынасқа, ауызша сөйлеуге, зат есімдерді, сын есімдерді қолданып, заттарды (киімдер, ыдыстар) сипаттауға үйрету.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы.</p> <p>Балаларды педагогтің сөзін түсінуге, сөйлегендеге заттарды сипаттау үшін зат есімдерді етістіктермен, сын есімдермен бірге қолдануға, зат есімнің көшіре түрін пайдалануға, сездерді дұрыс айтуды ескере отырып, сөз тіркестерін (сын есім + зат есім, зат есім + етістік) құрауға үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>Балаларды ересектердің сөзін тыңдай білуге; ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту; қарапайым (Кім? Не? Не істейді? және тағы басқа) және бірте-бірте құрделі (Нені ұстады? Нені әкеледі?) сұраптарға жауап беруге, көркем сезді әмбапалы қабылдауды, балалар әдебиеті шығармаларының бейнесін және мазмұнын түсінуге, қысқа тақпақтар менсанамақтарды жатқа айта білуге үйрету.</p>

<b>Көркем әдебиет</b>	Ертегі, әңгіме кейіпкерлеріне, оқиғаларға жанашырылыш білдіруді; кейіпкерлермен тақпақтардың мазмұнын, ырғакты ойындарды қайталауды әмоциалы қабылдауды; таныс тақпақтарды қайталауды; ойыншықтарды қолданып, мазмұны қүрделі емес ойындарға қатысады үйрету.
<b>Сенсорика</b>	Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау; Көлемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды; Түрлі көлемдегі геометриялық пішіндерді негізгі түсі, әртүрлі көлемі, неғұрлымұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.
<b>Құрастыру</b>	Құрылым материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен құрастыруға үйрету; әртүрлі түстегі және пішіндегі геометриялық пішіндерден тұратын ағаш, пластмасса құрылым материалдарын қолдануды үйрету; қарапайымтүрде бөгет жасай отырып, кірпіштерді түрліше үйлестіріп орналастыру туралы білімдерін қалыптастыру.
<b>Коршаған ортамен таныстыру</b>	Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Жануарларға тән ерекшеліктермен таныстыру, дene бөліктерін (танауы, құйрығы, аяқтары) ажыратып және атай білуге үйрету. Көкөністер мен жемістер туралы (қызанақ, қияр, алма) қарапайым түсініктерін қалыптастыру; Ауладағы ересектердің еңбегін, аулаға ұшып келетін құстарды, маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылау. Коршаған табиғаттың сұлулығын қабылдау. Бір-бірінің атын атап, қарым-қатынас жасай алуы, жолдастарының есімдерін есте сақтауды дамыту
<b>Сурет салу</b>	Бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту мен көркемдік қабылдауларын дамыту; Түзу, көлденең, тік, толқын тәрізді және тұйықталған дөңгелек сзықтарды жүргізуі, осы әрекеттерді ырғакты қайталауды үйрету (жанбыр, қар, жол, тұтін), парапа бетінде бейнені орналастыруды жетілдіру; Ашық түсті бояуларға деген әмоционалды - эстетикалық қатынасын тәрбиелеу
<b>Мүсіндеу</b>	Сазбалшықты дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру; Техникалық дағдыларды қалыптастыру: заттардың қарапайым және одан дакурделі пішіндерін мүсіндеу дағдыларын дамыту
<b>Жапсыру</b>	Фланелеграфта бейнелеуді (сзықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қоюға және құрастыруға үйрету. Фланелеграфтің кенебін қолдану арқылы геометриялық пішіндерді, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық бас киімдерін, тағы басқа заттарды орналастыруды менгерту.

<b>Музыка</b>	<p><b>Музыка тыңдау:</b> Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын, түрлі ырғақты, түрлі музикалық аспалтарда орындалған таныс әуендерді тыңдау мен әуендерді тани білу дағдыларын қалыптастыру;</p> <p><b>Ән айту:</b></p> <p>1) ән айтуға қызығушылықты дамыту, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айту, созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту, аспаптардың шығаратын және ересектің ән айтуына келтіріп, әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен, дауысты жылдамдатпай, жеке сөздерді айқайlamай айтуды қалыптастыру;</p> <p><b>Музикалық-ырғақтық қозғалыстар.</b></p> <p>Бубенмен, сылдырмақпен, бірқалыпты ырғақты, түрлі бейнелік - ойын қымылдарын бере отырып заттармен қымылдар жасауды үйрету; қарапайым би қымылдары: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу дағдыларын жетілдіру;</p> <p>музыканың сүйемелдеуімен жүру және жүгіру, қол ұстасып, жүптастып, шенбермен жүру дағдыларын қалыптастыру;</p>
---------------	---

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі**

**тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**

**2023-2024 оқу жылына арналған**

**үйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**кіші топ «Балапан»**

**қараша айы 2023жыл**

Үйымдастырылған іс әрекет	Үйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<b>Дене шынықтыру</b>	<p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b> Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру Қолды артқа қою; оларды бүгіп, жазу, қолды шапалақтау Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, онға-солға бұрылу. Орнында жүру. Бастапқы қалыпта тұрып, сол (он) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бұгу.</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b> Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шенбер бойымен, қолдарынәртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру. заттарға шығу (гимнастикалық скамейкаға, жұмсақ модульге): тұру, қолдарын жоғары көтеру, тұсу; Бірқалыпты, шашырап, берілген бағытта жүгіру. Шектеулі жазықтың, көлбеу тақтайдың бойымен нысанага дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) енбектеу. Екі қолмен, әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта 0,3-1,3 метр арақашықтықтағы нысанага (төмен, жоғары) лақтыру; Бір орында тұрып қос аяқпен секіру.</p> <p><b>Мәдени-гигиеналық дағдылар.</b> Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тاماқтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке</p>

	<p>орамалмен құрғатып сұрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру.</p> <p>Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлыш, орамал, тарақ, түбек),</p> <p style="text-align: center;">киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолданабілу, ұйыктар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктең қою.</p> <p>Устел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру:</p> <p style="text-align: center;">нанды үтіпсеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру.</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары:</b></p> <p>Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу.</p> <p>Шынықтыру шараларын өткізу.</p> <p><b>Қимылды ойындар.</b></p> <p>Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауга ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал етеді, отырып, негізгі қимылдарды (жұру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбандал жұру).</p> <p><b>Спорттық жаттығулар:</b> Велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлдібасқаруға үйрету.</p> <p><b>Дербес қимыл белсенділігі.</b></p> <p>Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын менгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу.</p>
<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, естуқабілетінің дамуына ықпал ету.</p> <p><b>Сөздік қорды қалыптастыру.</b></p> <p>Заттардың түсін, көлемін, пішінін, дәмін білдіретін сын есімдермен байыту.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b></p> <p>сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b></p> <p>Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.</p>

<b>Көркем әдебиет</b>	Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдауын дамыту.
<b>Сенсорика</b>	Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигуralарды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі геометриялық фигуralарды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.
<b>Құрастыру</b>	Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыш материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыштың орналасу нұсқаларымен таныстыру. Тұрғызылған қарапайым құрылыштарды атау, қорапқа құрылыш бөлшектерін ұқыптылықпен жинауын пысықтау.
<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	Есімін атағанда жауап беру, өзін айнадан және фотосуреттерден тануды жетілдіру. Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тануды. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру. Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. Басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу. Балалардың табиғат пен табиғат құбылыштарына қызығушылықтарын қалыптастыру. «Дұрыс», «дұрыс емес», «қауіпті» түсініктерімен таныстыру
<b>Сурет салу</b>	Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу, дәңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салуды. Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстau, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дәңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізуі үйрету.
<b>Мүсіндеу</b>	Сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру. Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру,

	сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету.
<b>Жапсыру</b>	Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету.
<b>Музыка</b>	<p><b>Музыка тындау:</b> Баяу және көтерінкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және көңілді әндер) ажырата білу.</p> <p><b>Ән айту:</b> Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айту, педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылышының дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту.</p> <p><b>Музыкалық-ырғактық қозғалыстар.</b> Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүргөн жүргіру дағдыларын қалыптастыру.</p>

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2023-2024 оқу жылына арналған  
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары  
кіші топ «Балапан»  
Желтоқсан айы 2023жыл**

<b>Ұйымдастырылған іс әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>
	<p><b>Дене шынықтыру</b></p> <p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b>          Қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу          Алға және екі жаққа енкею. Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бұгу және жазу.          Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.          Таяныштан ұстал отыру, аяқтың ұшымен тұрып, тартылу.  <b>Негізгі қимылдар:</b>          шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып жүру.          құрсаудан құрсауга аттап өту;          әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен жүгіру.          доғаның, гимнастикалық скамейканың астынан          нысанана дейін төрттагандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу.          отырып және тұрып, тұрлі заттардың астынан 0,3-1,3 метр          арақашықтыққа доптарды домалату          алға қарай ұмтыла қос аяқпен затқа дейін (10-13 сантиметр) секіру</p> <p><b>Мәдени-гигиеналық дағдылар.</b>          Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сұрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру.          Жеке заттарды қолдану (кол орамал, майлыш, орамал, тарақ, тұбек),          киімдердің олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегіменретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолданабілу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. Устел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру:          нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру.</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.</b>          Балаларды топта женіл киінуге үрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың тазаауда болу ұзактығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу. Шынықтыру шараларын өткізу.</p> <p><b>Кимылды ойындар.</b>          Балаларды ересектермен бірге қимылдары женіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынга қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбандаш жүру).</p> <p><b>Спорттық жаттығулар:</b></p>

	<p>Мұзды жолдармен сырғанау: балаларды қолынан жетелеп сырғанату.</p> <p><b>Дербес қымыл белсенділігі.</b> Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спортық, би) орындауға, қымыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бүрын менгерген қымылдардың бетінше орындауға ықылас танытуға баулу.</p>
<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп артикуляциялық гимнастика жасау</p> <p><b>Сөздік қорды қалыптастыру.</b> Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, балаларды бесікпен таныстыру, куыршақты бесікке бөлеп, бесік жырын айтып отырып ойнату арқылы балаларды қамқорлықта баулу</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b> Сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіруін үйрету.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қымылдарын) қайталатып ойнату.</p>
<b>Көркем әдебиет</b>	<p>Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шыгармаларды тындауға үйрету.</p> <p>Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауга ынталандыру.</p>
<b>Сенсорика</b>	Берілген заттардың 3-2 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атауын жетілдіру.
<b>Құрастыру</b>	<p>Тұрғызылған қарапайым құрылыштарды атау, қорапқа құрылыш бөлшектерін ұқыптылықпен жинауды.</p> <p>Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қоюды жетілдіру.</p>
<b>Коршаған ортамен таныстыру</b>	<p>Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындалап жатқанына балалардың назарын аудару.</p> <p>Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екені туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру.</p> <p>Есімін атаганда жауап беру, өзін айнадан жәнефотосуреттерден тануын ұйымдастыру.</p>
<b>Сурет салу</b>	<p>Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту.</p> <p>Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазга, құмғасаусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру.</p> <p>Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды умаждамау, қаламды тарсылатпауды, жұмысты ұқыпты жасауды.</p>

<b>Мұсіндеу</b>	Қыыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат) мұсіндеу, заттардың ұқастықтарын табуды. Мұсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпенсүрту, дайын болған бұйымды тұғырга орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауга үйрету.
<b>Жапсыру</b>	Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсактау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. Фланелеграфта геометриялық фигураларды орналастыруын дамыту.
<b>Музыка</b>	<b>Музыка тындау:</b> Музыканы тындауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тындау, дыбысталу ерекшеліктерін ажыратада. <b>Ән айту:</b> Әнді жеке және топпен айтада, әуенде интонациямен және ырғакты дүрыс жеткізу. <b>Музыкалық-ырғактық қозғалыстар.</b> Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу; денені онға, солға бұру, басты онға, солға иш, қолдарды сермеу.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2023-2024 оқу жылына арналған  
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары  
кіші топ «Томирис»  
қантар айы 2024жыл**

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<b>Дене шынықтыру</b>	<p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b> Қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бұгу және ашу. Шалқасынан жатқан қалыптаақтарын көтеру және түсіру. Тізерлеп тұрып, өкшеге отыру және тұру. Аяқтың өкшесін алға қою. Аяқтың бақайларын қымылдату (отырып).</p> <p><b>Негізгі қымылдар:</b> белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның бойымен жүру тактайдың үстімен 20 сантиметрақашықтықта орналасқан бірнеше кедергілерден (ленталардан, текшелерден және тағы басқа) аттап жүру, орнында баяу айналу. аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20 метр дейін) шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру; әртүрлі заттардың: арқаның астынан нысанага дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) енбектеу. доптарды бір-біріне домалату 10-13 сантиметр биіктікten секіру</p> <p><b>Мәдени-гигиеналық дағдылар.</b> Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сұрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлыш, орамал, тарақ, түбек), киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолданабілу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: наңды үтітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сойлемеу, үстел басында дұрыс отыру.</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары:</b> Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауда болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қымылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауга қызығушылық пен ықылас танытуға баулу. Шынықтыру шараларын өткізу.</p> <p><b>Қымылды ойындар.</b> Балаларды ересектермен бірге қымылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қымылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынга қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қымылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қымылдарды үйлесімді орындауга, кейір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (коян сияқты секізу; аю сияқты қорбандау жүру).</p> <p><b>Спорттық жаттығулар:</b></p>

	<p>Шанамен сырғанау: шанаға отырып, төбешіктен сырғанауға, шананы жібінен сүйретуге, ойыншықтарды шанамен сырғанатуға үйрету.</p> <p><b>Дербес қымыл белсенділігі.</b> Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қымыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын менгерген қымылдардыөз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу.</p>
<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау.</p> <p><b>Сөздік қорды қалыптастыру.</b> Балаларға бесік жырын күнделікті ұйықтар алдында тыңдатуды әдетке айналдыру, топтағы барлық баланы ересектердің жақсы көретінін сездіру.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b> Сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыру</p> <p><b>Байланыстырып сойлеу.</b> қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және негұрым құрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге,өз ойын айтуға үйрету.</p>
<b>Көркем әдебиет</b>	Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру.
<b>Сенсорика</b>	Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қымылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлышық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.
<b>Құрастыру</b>	Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылым материалдарымен (текшелер, кірпіштер, уш қырлы призма, пластина, цилиндр),жазықтықтағы құрылыштың орналасу нұсқаларымен таныстыру.
<b>Көршаган ортамен таныстыру</b>	Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу, белгілі бір обьектіге арналған нақты әрекеттерді (допты домалату, машинаны итеру, қуыршақтыжатқызу, пирамиданы жинау және бөлшектеу, бір текшені екіншісіне қою) орындауға баулу. Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындан жатқанына балалардың назарын аудару. Нениң «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екені туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Үй жануарлары және олардың төлдерімен (қозы, лак, бота), андармен (аю, қасқыр, қоян) және құстармен таныстыру, оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажыратада білу. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.

